

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

FinePower PM0121
жылтыратқыш
машинкасы

Мазмұны

Сақтық шаралары	4
Жұмыс орнындағы қауіпсіздік	4
Электр қауіпсіздігі	4
Жеке қауіпсіздік.....	5
Электр құралдарын дұрыс пайдалану	5
Құрылғының сұлбасы	6
Техникалық сипаттамалары	6
Құрылғыны пайдалану	7
Құрал-сайманды жинау	7
Қосу/сөндіру	7
Айналымдарды реттеу	7
Жылтырату.....	7
Тегістеу	8
Қызмет көрсету және күту	8
Көмірлі щеткаларды ауыстыру.....	8
Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері	9
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	10
Қосымша ақпарат	11

Құрметті сатып алушы!

Сізге FinePower сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және бұйымды одан әрі қолданған кезде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Жылтыратқыш машинкасы — бұл әр түрлі беттерде жылтырату және тегістеу жұмыстарына арналған электр құралы: ағаш, металл, пластмасса, тас және т. б. Айналымдарды электронды реттеудің арқасында бұйымды бөлшектерді бастапқы өңдеу үшін де, соңғы жылтырату үшін де қолдануға болады.

Сақтық шаралары

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

- Жұмыс орнын таза ұстаңыз. Жұмыс орнындағы тәртіпсіздік немесе жарықтандырылмаған учаскелер жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Бұл электр құралымен жанғыш сұйықтықтар, тұтанғыш газдар орналасқан немесе шаңды орынжайларда жұмыс жасамаңыз. Пайдалану барысында, сондай-ақ қосып, өшірген кезде құрал ұшқын шығарады, бұл шаң мен будың тұтануына әкелуі мүмкін.
- Электр құралымен жұмыс істеу кезінде балаларды, бөгде адамдарды және жануарларды жұмыс орнына жақындатпаңыз. Электр құралын пайдалану барысында бақылауды жоғалтып алуыңыз мүмкін.

Электр қауіпсіздігі

- Электр құралының штепсельдік ашасы штепсельдік розеткаға сәйкес келуі тиіс. Штепсельдік ашаны еш өзгертпеңіз. Қорғаныс жерге тұйықталуы бар электр құралдарына ауыспалы істікшелерді қолданбаңыз. Өзгермейтін штепсельдік ашалар мен қолайлы штепсельдік розеткалар электр тоғының соғу қаупін азайтады.
- Электр тоғының соғуынан қорғайтын қажетті сақтық шараларын қолданыңыз. Құрал корпусының жылыту құбырлары, тоңазытқыштар сияқты жерге тұйықталған беттермен байланысқа түсуіне жол бермеңіз.
- Электр құралын жаңбыр мен ылғалдан қорғаңыз. Электр құралына судың енуі электр тоғымен зақымдану қаупін арттырады.
- Баусымды мақсатынан тыс, мысалы, электр аспабын тасымалдау немесе ілу үшін немесе штепсельдік розеткадан ашаны тарту үшін пайдалануға жол берілмейді. Сымды жоғары температура, май, өткір жиектер немесе электр аспабының қозғалмалы бөліктерінен қорғаңыз. Зақымдалған немесе оралған сым электр тоғының соғу қаупін арттырады.
- Таза ауада жұмыс істеген кезде тиісті ұзартқышты қолданыңыз. Сыртта жұмыс істеуге жарамды ұзартқышты ғана қолданыңыз.

Жеке қауіпсіздік

- Мұқият болыңыз, не істеп жатқаныңызды бақылауда ұстаңыз және электр құралымен жұмысты ойластырып бастаңыз. Шаршаған күйде, немесе есірткінің, спирттік сусындар мен дәрі-дәрмектің әсерінде болған жағдайда электр құралын пайдалануға болмайды. Электр құралымен жұмыс істеу кезіндегі зейінсіздік ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Жеке қорғану құралдарын қолдану: қорғаныс маскасын, тайғанамайтын табаны бар аяқ киімді, қорғаныс қалқанын немесе есту органдарын қорғау құралдарын пайдалану, электр құралымен жұмыс істеу түріне байланысты жарақат алу қаупін төмендетеді.
- Электр құралының байқаусызда қосылуына жол бермеңіз. Электр құралын электр қуатына және/немесе аккумуляторға қоспас бұрын электр құралының сөндірілген күйде екендігіне көз жеткізіңіз. Электр қуатына қосылған күйдегі құралды ажыратып-қосқышынан ұстамаңыз.
- Электр құралын қосқанға дейін орнату құралын немесе сомынды кілттерді шетке алып қойыңыз. Электр құралының айналмалы бөлігінде орналасқан құрал немесе кілт жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Дене тұрқын қолайсыз қалыпта ұстамаңыз. Өзіңізді әр кезде тұрақты күйде және тепе-теңдікті сақтаған күйде ұстаңыз. Осының арқасында күтпеген жағдайларда электр құралын жақсы басқара аласыз.
- Сәйкес келетін жұмыс киімін киіңіз. Кең киім кимеңіз мен әшекейлер тақпаңыз. Шашыңызды, киім мен қолғапты қозғалмалы бөліктерден алшақ ұстаңыз.
- Шаң соратын және шаң жинайтын құрылғыларды орнату мүмкіндігі болған жағдайда, олардың қосылуын және дұрыс пайдаланылуын тексеріңіз. Шаң сорғышты қолдану шаң тудыратын қауіпті төмендетуі мүмкін.

Электр құралдарын дұрыс пайдалану

- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Электр құралын артық жүктеме түсірмеңіз. Өз жұмысыңызға, осы мақсатта қолданылатын электр құралын пайдаланыңыз. Тиісті сипаттамасы бар электр құралымен көрсетілген қуат диапазонында жұмыс әлдеқайда қолайлы және сенімді.
- Ажыратқышында ақауы бар электр құралымен жұмыс жасауға болмайды. Қосылуы немесе өшірілуі қиындық туғызатын электр құралымен жұмыс жасау қауіпті және оны жөндеу керек.
- Электр құралын жөндеуден бұрын, керек-жарақтарын ауыстырудың және жұмысты тоқтатудың алдында штепсельдің шасын желі розеткасынан ажыратыңыз және/немесе аккумуляторды шығарыңыз. Бұл электр құралының байқаусызда қосылуын болдырмайды.
- Пайдаланылмайтын электр құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Электр құралымен таныс емес немесе осы нұсқаулықтарды оқымаған адамдарға оны пайдалануға рұқсат бермеңіз. Тәжірибесі жоқ адамдардың электр құралдарын пайдалануы қауіп төндіреді.
- Электр құралдарын, керек-жарақтарды, жұмыс құралдарын және т. б. осы нұсқаулыққа сәйкес қолданыңыз. Бұл ретте жұмыс жағдайлары мен орындалатын жұмыс түрін ескеріңіз. Мақсатына сай қарастырылмаған жұмыстарда электр құралдарын пайдалану қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Пайдаланылмайтын құралды балалардың қолы жетпейтін құрғақ, жабық жерде сақтау керек! Осы нұсқаулықпен танысып шықпаған адамның құралды пайдалануына рұқсат бермеңіз.

Құрылғының сұлбасы



1. Тұтқа.
2. Білікті бекіту батырмасы.
3. Бәсеңдеткіштің корпусы.
4. Айналымды реттегіш.
5. Ажыратқышты бұғаттау батырмасы.
6. Ажыратқыштың шүріппесі.
7. Көмір щеткаларына арналған бөлік.
8. Жылтыратқыш шеңбер.
9. Қуаттау кабелі.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: PM0121.
- Тұтынылатын қуат: 1200 Вт.
- Желі параметрлері: 220–240 В, 50 Гц.
- Бос жүріс режиміндегі айналымдар: 500–3000 айн/мин.
- Жылтыратқыш дискінің диаметрі: 180 мм.
- Тұрақты айналымдарды қолдау функциясы.
- Қуат кабелінің ұзындығы: 2 м.
- Салмағы: 3,2 кг.
- Жиынтықтамасы: құрылғы, қосымша тұтқа, кілт, жылтыратқыш табан, жылтыратқыш диск, тегістегіш дискі, пайдаланушы нұсқаулығы.

Құрылғыны пайдалану

Құрал-сайманды жинау

Корпустың қосымша тұтқасын орнату

Жұмыстың ыңғайлылығы мен қауіпсіздігі үшін қосымша тұтқаны қолданыңыз. Қосымша тұтқаны орнату үшін оны бәсеңдеткіштің оң және сол жағына алтыбұрышты кілтпен бекітіңіз.

Жылтыратқыш шеңберді орнату

Электр құралымен бірге жиынтыққа жылтыратқыш диск (негіз), сондай-ақ жылтырататын жұмсақ шеңбер кіреді. Жылтыратқыш дискіні машинаға орнатыңыз. Жылтыратқыш жұмсақ шеңберді дискіге біркелкі тарта отырып кигізіңіз.

Қосу/сөндіру

Жылтырату машинасын қосу үшін ажыратқыштың шүріппесін басыңыз (6). Егер сіз оны босатсаңыз, машина тоқтайды. Ажыратқышты қосулы күйде ұстау үшін бүйірінде орналасқан ажыратқышты құлыптау батырмасын (5) басып, ажыратқыштың шүріппесін босатыңыз. Машинаны өшіру үшін ажыратқыштың шүріппесін қайтадан басыңыз.

Айналымдарды реттеу

Бұл құрал берілген айналу жиілігін (жылдамдықты) қолдау жүйесімен жабдықталған. Дискідегі жүктемені (қысым) жоғарылатқан немесе төмендеткен кезде оның жылдамдығы өзгеріссіз қалады. Жылдамдықты реттеу тұтқаның түбіндегі корпустың жоғарғы жағында орналасқан айналым реттегішінің (4) көмегімен жүзеге асырылады. Жылтырату жұмыстарын бастағанға дейін қажетті жылдамдықты орнатыңыз. Лакталған беттерді өңдеу үшін төмен жылдамдықты орнату керек.

Жылтырату

- Жүннен жасалған жылтыратқыш шеңберді қолданыңыз.
- Жылтыратқыш шеңберді негізге біркелкі тарта отырып кигізіңіз. Жылтырату жұмысы барысында айналу жылдамдығын минимумға орнатыңыз.
- Жылтыратқыш машинаны бетке қойып, ажыратқыштың пернесін басыңыз.
- Жылтырату кезінде машинаны баспай біркелкі жылжытыңыз.
- Қалаулы жылтырату дәрежесіне байланысты арнайы зат немесе балауызды қолданыңыз. Максимумды әсер ету үшін алдымен бетті жұмсақ терімен тегістеңіз, содан кейін жүнді жамылғының көмегімен жылтыратыңыз.
- Машинаны жылтырату бетінен алып тастамас бұрын өшіріңіз.

Тегістеу

- Тек бекітілуі «жабысқыш» типті тегістегіш шеңберлерді негізге орната отырып қолданыңыз.
- Тегістеу жұмыстары кезінде жылдамдық режимін максимумға орнатыңыз, бұл жақсы сапаға қол жеткізуге мүмкіндік береді.
- Дискіні тым қатты баспаңыз. Оңтайлы нәтиже құралды өз салмағымен басу арқылы қол жеткізіледі.
- Өшіргеннен кейін құралды диск тоқтағанға дейін түсірмеңіз.
- Бұл сақтанушылық қатты жарақат алудың ғана алдын алмайды, сонымен қатар құралға кіретін шаңның мөлшерін де азайтады.

Қызмет көрсету және күту

- Желдеткіш саңылаулары мен мотор корпусын шаң мен кірден таза ұстаңыз.
- Тазалау үшін сәл дымқыл, бірақ су емес шүберек қолданыңыз.
- Күшті жұғыш заттар мен қоспаларды (бензин, еріткіштер және т. б.) қолданбаңыз, себебі олар пластикалық корпусы зақымдауы мүмкін.
- Қосымша жұғыш зат ретінде әлсіз сабын ерітіндісін қолданыңыз. Ылғал корпусың ішіне түспейтініне көз жеткізіңіз.
- Тазалаудан кейін электр құралын құрғақ шүберекпен сүртіңіз және ылғал іздері болса, оны қоспаңыз.
- Төтенше пайдалану жағдайларында металдарды өңдеу кезінде электр құралының ішінде электрөткізгіш шаң шөгуге мүмкін. Бұл электр құралының қорғаныс оқшаулауына қатты әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда стационарлық сорғыш қондырғыны пайдалану, желдету оймакілтектерді жиі үрлеу және электр құралының алдында зақымданудан қорғайтын автоматты қосу ұсынылады.

Көмірлі щеткаларды ауыстыру

Көмірлі щеткаларды сервистік орталықта ауыстыру ұсынылады. Көмірлі щеткаларды үнемі алып тексеріп отыру керек, өйткені олар табиғи тозуға бейім. Егер щеткалар шектеулі белгіге дейін тозған болса, оларды ауыстыру керек. Щеткалар таза және ұстағыштарда жеңіл сырғытын күйде болуы тиіс. Екі көмірлі щетканы бір уақытта ауыстырыңыз және тек бірдей көмірлі щеткаларды қолданыңыз.

Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері

Ақау	Ықтимал себебі	Шешім
Құрал қосылмайды.	Қуат желісінде кернеу жоқ.	Қуат желісінде кернеудің болуын тексеріңіз.
	Ажыратқыштың шүріппесі бұзылған.	Сервистік орталыққа жүгініңіз.
	Көмір щеткалар тозған.	
Құралдың жұмысы кезінде қатты шуыл және діріл.	Құрал нашар бекітілген.	Құралды бекітіңіз.
	Құралдың бір немесе бірнеше элементтері бұзылған.	Сервистік орталыққа жүгініңіз.
Құрал қызып кетеді.	Электр қозғалтқыш шамадан тыс жүктелген.	Жүктемені алыңыз және 3–5 минут бойы құралды бос айналымда жұмыс істеткізіңіз.
	Электр қозғалтқышының желдету саңылаулары ластанған.	Құралды желіден ажыратыңыз, электр қозғалтқышының желдету саңылауларын тазалаңыз.
Құрал толық қуатта жұмыс істемейді.	Желідегі төмен кернеу.	Желідегі кернеуді тексеріңіз.
	Тым ұзын ұзартқыш.	Қысқарақ ұзартқышты қолданыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну керек немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтарды бақылаусыз шығару және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану нәтижесінде. қоршаған ортаға және адам денсаулығына әлеуетті залал келтіруді болдырмауға көмектесесіз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: «Юнкан Джэлават Тулз Ко., ЛТД»

№ 3 ғим, Южный даңғылы Минъюань № 25, Экономикалық даму аймағы,
Юнкан, Чжэцзян пров., Қытай
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жиынтықтамасы пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі».
- КО ТР 010/2011 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар ЕЭО КР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының кедендік регламенті талаптарына сәйкес келеді.

EAC

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойған күні: _____

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылымында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге, пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:

<https://finpower.ru/page/dynamic/support/>

Кепілдікті міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету тауарлардың жиынтығына кіретін төменде аталып өткен керек-жарақтарға қолданылмайды, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) арналған қуат көзінің элементтері (батареялар).
- жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, HANDS-FREE құрылғылары; әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымды қатты магнит дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар;
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждау құрылғылары, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін өзіне жүктемейді:

- кепілдік мерзімі аяқталғанда;
- егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін, сондай-ақ өзінің тікелей арналымына сай келмейтін өзге мақсаттарда қолданылған болса;
- өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, іске қосу қағидаларын (бұйымның өзіне де, онымен түйіскен бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеу әсерінің нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де залал үшін жауапты болмайды;
- барлық механикалық зақымданулар: өнімді пайдалану барысында алынған кетіктер, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, жаншылған жерлер және т. б.;
- мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ адамдардың бөгде түрлендірулері, рұқсатсыз жөндеу іздері бар; егер ақаулық бұйымның құрылымының немесе сұлбасының өзгеруінен, Өндірушімен қарастырылмаған сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануынан туындаған болса;
- егер бұйымның ақаулығы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса; ақаулық бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін, бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаған;
- бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді; егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен туындаса; БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюмен туындаған жағдайда;
- егер жұмыстың ақаулары қуаттандырушы, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің әрекет ету шекарасында немесе желінің әрекет ету аймағынан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса;
- егер зақымданулар бейстандартты (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуаттандыру элементтерін, әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM-карталарын, картриджерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса;
- егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті алумен, орнатумен және пайдаланумен туындаса (әуендер, графика, бейнетүсірілімдер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар);
- осы бұйыммен түйісе жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залал үшін.



